

УДК 316.36

ӘКЕ БОЛУ ӘЛЕУМЕТТІК – МӘДЕНИ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ

Бурхан Оралбек Бағланбекұлы

oralbek.b.b@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ әлеуметтік жұмыс мамандығының 4 курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Г.Т.Сүлейменова

Көптеген ғасырлар бойы отбасы мен неке мәселелері әлеуметтанушылардың, психологтардың, философтардың және басқа да бірқатар ғылымдардың қызығушылығын тудыруда. Өйткені отбасы басқа институттардың жай-күйіне және мәдени-символдық құндылықтарына, қоғамның идеалдарына, көріністері мен дәстүрлеріне тығыз байланысты. Әке болу проблемасына қызығушылықтың өсуі 80-ші жылдардың басында басталды және отбасындағы әйелдің рөлін қайта бағалаумен, атап айтқанда, американдық отбасындағы демографиялық өзгерістермен байланысты болды. Бұл проблемамен Б. И. Кочубей, И. С. Кон, Г. Крайг Т. А. Гурко, З. Х. Саралиева, И. Г. Остроух, М. Вест және М. Каннер, Н. Чадороу, Ю. Е. Алешина, Г. Г. Филиппова, Е. Здравомыслова, М. Г. Воронцова, Л. М. Прокофьева және М. Ф. Валетас сияқты ғалымдар мен зерттеушілер айналысты. Әке болу адам өміріндегі ең жауапты сәттердің бірі. В.А.Сухомлинский - «Ондаған, мыңдаған мамандықтар бар: біреуі темір жолды салады, екіншісі адамды емдейді ал тағы біреуі киім тігеді. Бірақ ең универсалды, ең қиын және ең құрметті мамандық барлығы үшін бірдей және де әр отбасыда қайталанбайтын мамандық иесі бар. Күзетшіден министрге дейінгі жұмысшыларды немесе басқа маман иелерін олардан мықты басқа адамдармен алмастыруға болады. Бірақ жақсы әкені басқа жақсы әкемен алмастыра алмаймыз» - деп айтқан.

Тарихта әкенің рөлі өмір сүру жағдайларына, отбасы өмір сүрген мәдениетке, әлеуметтік идеологиялық принциптер мен мінез-құлық нормаларына байланысты үнемі өзгеріп отырды. Отбасындағы балаларды тәрбиелеу мәселелерін зерттейтін ғалымдар әкенің орнын ұмыта отырып, бала мен ана қатынастарына үлкен көңіл бөледі. Отбасылық тәрбие туралы кітаптар шығады, онда әке тәрбиесі туралы мүлдем айтылмаған. Бұл әртүрлі қоғамдарда орнату кең таралғандықтан болады: ер адам бала тәрбиесіне бейімделмеген [1]. 1953 жылы Инглиш пен Фостердің американдық педагогтарының "әкелер де ата - ана" атты

кітабы жарық көрді, сонымен қатар "әке ұмытылған ата-ана" деген мерзімді басылымдары шықты.

Соңғы 30-40 жылда отбасы-неке қатынастарындағы дағдарыс құбылыстары жиі байқалады. Некелік одақтардың ыдырауынан, отбасылық қақтығыстардың шиеленісуінен, қолайсыз отбасылар мен т. б. санының өсуінен байқалады. Отбасы-неке қатынастары саласына жататын әлеуметтік институттардың бірі әкелік болып табылады. Алайда, отбасының әлеуметтануы көптеген онжылдықтар бойы осы феноменге тиісті назар аудармаған. Зерттеушілер тек әйелдер үшін отбасы мен некенің құндылығын анықтады, ал отбасылық проблема, ең алдымен, әйелдер зерттеулерінің контекстінде әзірленді.

Соңғы онжылдықтар бойы болып жатқан отбасын жаңғырту процесінде отбасындағы және жалпы қоғамдағы әкесінің мәртебесі мен рөлі айтарлықтай өзгерді. Әке институтының өзгеруі әлеуметтанушылардың осы әлеуметтік құбылысқа деген қызығушылығын күшейтті. Мысалы, ер адамдардың проблемаларына назар аудару жоғары ажырасуға байланысты өсті. Зерттеу барысында қазіргі ерлер үшін неке, әке, отбасылық қарым-қатынастар маңызды орынға ие. Осы уақытқа дейін әйелдер, ана проблемалары отбасылық саясат саласындағы барлық шаралар мен ұсынымдардың алдына қойылады, ерлердің, әкелердің мәселелері отбасылық, демографиялық саясат шеңберінде қаралмайды және ескерілмейді, ал егер талқыланса, тек маскүнемдікпен, зорлық-зомбылықпен және ер адамдар тасушы болып саналатын басқа да кемістіктермен күрес контекстінде ғана.

Баланың дамуындағы әкесінің рөлі, оның тәрбиесі мен әлеуметтенуі маңызды рөлге ие. Ол балалардың моральдық нормаларды меңгеруін қамтамасыз етеді. Әкесі жоқ толық емес отбасында баланың әлеуметтену процесі бұзылады. Екінші жағынан, баланың тууы және онымен өзара қарым-қатынасы ер адамға өзін әлеуметтендіруге мүмкіндік береді. Әке болу саласында болып жатқан өзгерістердің көрсеткіші әлеуметтанушылар "жаңа әкелер" деп атаған ер-ата-аналардың жаңа түрінің пайда болуы болып табылады. Зерттеушілердің пікірінше, "жаңа әке" отбасын асырауға ақша жинаумен қатар, өзі де балаларды күтуде және олардың проблемаларына белсенді түрде қызығушылық танытуда. "Жаңа әкелерді" былай сипаттайды: олар үй шаруасына көбірек қамқорлық жасайды, отбасын материалдық қамтамасыз етуге дайын, "дәстүрлі әкелерге" қарағанда балалармен жиі қыдырады және ойнайды, бірақ эмоционалдық қамқорлықты анасына тапсырады. "Жаңа әкелер" үшін отбасы мен отбасылық қатынастар үлкен құндылыққа ие болады [2]. Постиндустриалды қоғам әкелерді отбасына қайтару үшін ерекше қолайлы жағдай жасады деген пікір бар. Көптеген заманауи ерлер балаларды тәрбиелеуге белсенді қатысуға ұмтылады және бұл процесс тек батыста ғана емес, біздің елде де байқалады.

Әке феномені эмоциялық, мотивациялық және құндылық-мағыналық сфералармен, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану, мен концепциясы сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. Сонымен қатар, әкенің әлеуметтік рөлі, ол әлеуметтік жүйеге, қоғамның әлеуметтік, экономикалық және саяси салаларына, осы қоғамдағы ер адамдардың мәртебесіне, осы рөлді орындаудың белгілі бір ережелерін, оның ішінде гендерлік стереотиптерді белгілейтін әлеуметтік стереотиптерге байланысты өзгереді. Ш.Барт, Э.Фтенакис, Г.Г.Филиппованың жұмыстарын теориялық талдау барысында әкелік феноменінің құрылымдық моделі әзірленді. Болжам бойынша, әке құрылымына келесі компоненттер кіреді:

Қажеттілік - эмоционалды, оның ішінде мотивацияның биологиялық, әлеуметтік аспектілері, байланыс қажеттілігі, эмоционалды реакциялар, тәжірибе;

Операциялық - хабардарлық пен дағды ретінде, баланы күту және онымен қарым-қатынас жасау операциялары;

Құндылық-мағыналық - әкесінің балаға деген қатынасы, экзистенциалды күйзелістерді қоса алғанда ;

Бағалау - оның ішінде өзін-өзі танудың элементі ретінде өзін-өзі бағалау, әкенің рөлін қабылдау немесе қабылдамау және өзін әке және оның баласы ретінде өзін-өзі ұтымды және эмоционалды бағалау

Айналасындағыларды әлеуметтік бағалау - осы нақты қоғамда қабылданған әлеуметтік стереотиптерге және мәртебеге сәйкес болу үшін сақталуы қажет рөлдерді, талаптарды орындау жөніндегі ұйғарымдарға негізделген. Әлеуметтік бағалау өзіндік бағалауды қалыптастырудың негізі болып табылады, өйткені әлеуметтік стереотиптер арқылы ол өзінің идеал бейнесін қалыптастырады. Бағалау компоненті интегралды болып табылады, өйткені ол құрылымның барлық басқа компоненттеріне енеді және әсер етеді [3].

Қазіргі таңда әкелік проблемасына қызығушылық азайды, себебі ажырасу деңгейі 50% - ға жетті, ал барлық баланың 1/3-і толық емес отбасында дүниеге келеді. Тарихи және әлеуметтік зерттеу «әкелікті» әлеуметтік құбылыс екенін көрсетті. «Әр ұрпақтың уақытқа және жағдайға байланысты әке идеалы туралы түсінігі әртүрлі болады, және әр ұрпақ әке мәдениеті мен отбасындағы әкелердің «мінез-құлқы» арасындағы сәйкессіздікке тап болады.

Осылайша, әкелік - бұл адамның белсенділігінің барлық деңгейлерін қамтитын адамның әлеуметтік және жеке сипаттамаларының ажырамас жиынтығы, оның маңызды сипаттамаларының бірі күрделілік, сонымен қатар әлеуметтік анықтама болып табылады.

Қазіргі таңдағы әке түсінігіне келетін болсақ, ғалымдар отбасындағы әке рөлін келесідей бөліп көрсетті:

Әке – идеал

Отбасы үшін өмір сүретін ер адам. Балаларының мектепте болатын жиналыстарына қатысатын және баласының сынып жетекшісі отбасында тек қана анасы ғана емес әкесінің де баласының тәрбиесімен айналысатындығын білуі. Идеалды әке әйелі мен баласының көңіл күйін әрдәйім біліп жүреді және мәселелерін бірге ақылдасып шешеді. Жұмыстағы және одан тыс мәселерді отбасылық кеңесте талқылап шешімін бірге табады. Идеалды әке тек ғана мейрімді адам емес, сонымен қатар, қатал және шыншыл адам. Олар балаларын еркелетпейді керісінше тәрбиелейді. Үй жұмыстарында әрдәйім әйелдеріне көмектесуге дайын тұрады.

Осы типтегі әкелердің балалары қандай болады? Идеалды әке әрдәйім ерекше күйеу. Өсіп жатқан жас ұрпаққа керемет үлгі болатын адам. Осындай әкелерді балалар жақсы көреді. Балалар өзінің құпияларын бірінші әкелеріне кейін басқа адамдарға айтады. Көп уақытты бірге өткізетін отбасылардың мүшелері арасында берік қарым-қатынас орын алады. Бұндай отбасыда өскен балалар ашық, кез-келген адаммен қарым-қатынас жасай алады. Балалар ата-анасына үй жұмыстарына тағы да басқа жұмыстарға көмектеседі. Балалары ер жеткеннен кейін отбасының қаржылық жағдайына көмектеседі. Әкесінің балаларына берген тәрбиесі немерелерінде көрінеді және жалғасын табады. Балалары қандай қиындыққа тап болмасын олар арқа сүйенетін жандардың бар екенін әрдәйім біледі.

Үйіне көп келмейтін әке

Бұл топқа ажырасқан әкелер ғана емес, сонымен қатар, жұмыс басты әкелерді жатқызуға болады. Оларды екіге бөлсе болады. Бірінші топқа «жұмысшы, еңбекқор әкелерді» жатқызуға болады. Бұндай әкелер таң атпастан жұмысқа кетіп кеш батқанда үйіне келетін ер адамдарды айтамыз. Олардың ойынша олар «нағыз ер адамбыз» деп есептейді. Екінші топқа «бизнес әкелерді» жатқызамыз. Олар өте көп ақша табады және ер адамның отбасыдағы басты міндеті осы деп ойлайды. «Бизнес әке» тобына жататын әкелердің әйелдері күйеулерінің «визиткасы» яғни нағыз әйел эталоны бір мезетте әкесінің рөлін де атқара біледі.

Бұл таптағы отбасылардың балалары көбінесе аналарына тәуелді болып өседі. Балабақшада немесе мектепте достарын алып кетуге келетін әкелерді көріп көре алмаушылық пайда болады. Бұл жағдай олардың санасында өмір бойында сақталып қалады. Бала анасын ренжітіп алмау үшін оған айтпайды. Баланың болашағы анасына тікелей байланысты болады. Балаларының бойында әйелдерге тән белгілер тым көп кездеседі. Ал қыз балаларда ер адамдармен қарым-қатынаста қиыншылықтар туындайды. Бұндай балалар ең жаман жағдайда барлығы сияқты өседі, ал ең жақсы жағдайда әкесіне қарап басшылық қызметке ұмтылып өседі. Әкелерге де балаларының мейірімі мен көмегі келетін күн келеді. Бірақ жас кезінде әкесінің мейірімін сезінбеген бала әкесі қартайғанда оған көңіл бөлмеуі мүмкін.

Тәуелді әке

Бұл топтағы әкелер отбасын қаржылай қамтамасыз еткісі келмейтіндер. Отбасында әйелі ақша табады және отбасындағы негізгі адам болады. Бұндай отбасыда әйел адамға ер адам номинальды түрде ғана керек. Күйеуін тамақтандырады, киіндіреді, кейде дауыс көтереді, әрдайым бақылауда ұстайды. Бірақ бір-бірін жек көретін уақыт келеді.

Бұндай отбасыдағы балалар кішкентай кезінде көп уақыт қасында жүретін әкелерін жақсы көреді. Бірақ бала өскен сайын әкесіне деген құрметі жоғала бастайды. Әкесіне қарап ауыр сөздер айтуы мүмкін, себебі анасы әкесіне балаларының көзінше осы сөздерді айтқан. Бала өсіп ақыл тоқтатқаннан кейін әкесіне жандары ашиды. Бұл отбасы балаларында көбінесе антогонизм принципі орын алады. Ата-аналарының мінездері балаларына өздерінің идеалды мінезін қалыптастыруға көмектеседі.

Әке – көрермен

Отбасының барлық жұмыстары, мәселелері анасының қолында, бірақ соңғы қорытынды әкесінің қолында болады. Әкелері тұрақты жұмыс істейтін, үйленуге адал қыз таңдайтын, таза жүретін адам болады. Әйелі күйеуіне артық сын айтпайтын, ер адам қалай бар солай қабылдайды. Үйінде кешкі асқа күйеуін күтіп, үйін таза ұстайтын адам болады. Әкелік жұмыстарын тұрақты атқарып отырады. Балаларының сабақ үлгерімін қадағалайды, паркке апарды, ертегі оқып береді.

Бұндай отбасыдан тәртіпті ұл мен қыз өседі. Қыздыры әкелерін қорғаушы деп санайды және жақсы көреді. Ал ер балалар әкесінен алған тәрбиені келешекте өз балаларына көрсетеді.

Әке – отбасылық тиран

Бұл топтағы әкелерді айтқан кезде қол көтеруге немесе белбеуі дайын тұратын адам емес, өзіне тән мінезі бар, өмірлік принциптері қатал, туылғаннан бастап барлығына қарсы пікір айтатын «ер адамдікі дұрыс» деген принципті ұстанатын адам. Адамдар оларды «ақылды, талантты, бірақ мінезі ауыр» деген сөзбен түсіндіреді. Бұндай адамдар ерте үйленеді, себебі ара қатынасты принципіалды түрде құрады немесе өте кеш үйленеді. Балалары ата-аналарының қарым-қатынасын көріп өмірге деген түсінігі өзгереді. Бала өзін жалғыз сезініп бойында қорқыныштар пайда болады.

Әке – шын дос

Әкесі жұмысынан келе салып баласына көңіл бөліп, сонымен бірге уақыт өткізеді. Бала өз-өзіне сенімді болып өседі. Анасына баласының қалған жұмыстары мектепке апару, сабағын қадағалау сияқты жұмыстар мойнына артылады.

Әке – отбасы жетекшісі

Дәстүрлі әке типі. Отбасының жұмыстарына көп араласпайды, тек ғана ер адам араласатын кезде ғана өзінің міндетін атқаратын адамды айтамыз. Өзінің ер адам екендігін өз жұмыстарын атқарып көрсетеді. Олардың ойынша азырақ қаталдық балаға қауіпсіздік сезімін көрсетеді деп есептейді. Балаға ер адамның міндеттерін жас кезінен бастап үйретеді.

Ерекше әке

Балаға қараудан рахат алатын адамды айтады. Баласына анасына қарағанда жақсы қарайды. Бірақ «ерекше әкелердің» тәуекел жасайтын жайтты аналарына балаға қарауда қарсылас болып қалады және әкенің рөлі әлсіреп қалады.

Әке – мәңгі жас жұбай

Әйелінің жүктілік уақытында баланың іс-қимылына назар аударып көңіл бөліп жүреді, бірақ бала дүниеге келгеннен кейін көңіл бөлуді қояды. Себебі достарына, машинасына көп көңіл бөліп кетеді. Бұндай отбасыларда әкенің тарапынан қолдау тапшы болады [4].

Әлеуметтанушылар мен тарихшылардың әке болуға байланысты еңбектерінде әке болудың әлеуметтік құбылыс екендігін көрсетеді. Қорыта айтқанда, әр ұрпақ уақыт пен жағдайға сәйкес «идеалды әке» түсінігін қалыптастырады.

Әке болу-тұлғаның дамуының негізгі кезеңдерін көрсететін, адамның тіршілік әрекетінің барлық деңгейлерінде көрінетін тұлғаның интегралдық, әлеуметтік және жеке

сипаттамаларының кешенін сипаттайтын тұлға психологиясының санаты ретінде анықтауға болатын жеткілікті күрделі феномен.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кочубей Б.И. Мужчина и ребенок.- М.:1990.
2. Бескаравайная В.К. Социологическое понятие «новые отцы» и его содержание.- М.:РГГУ,2006.202 с.
3. Саралиева З.Х. Семья – клиент социальной работы. -М.:2002
4. Овчарова Р. В. Психология родительства. - М; “Академия”, 2005.